

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖИНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Шет тілдері факультеті

5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бағдарының

4 курс студенті **Қолғанатова Ақбөпенің**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін оқушыларға
меңгертудің тиімді әдістері

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

Нөкіс- 2017

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының 2017-жыл «____» дегі № _____ протоколымен қорғауға ұсынылды.

Шет тілдері факультеті деканы:

п.ғ.к.Д.Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к.,доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к.,доц.А.Оразымбетов

Қолғанатова Ақбөпенің «Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін оқушыларға меңгерудің тиімді әдістері» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «____» балл (« ____» %) қойылды.

_____» _____ 2017-жыл

МАК мүшелері:

МАК хаткері:

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

I тарау. Тұрақты сөз тіркестері және оның өзіндік белгілері

- 1.1. Тұрақты сөз тіркестері туралы жалпы түсінік
- 1.2. Тұрақты сөз тіркестерінің түрлері
- 1.3. Тұрақты сөз тіркестерінің стилистикалық қызметі
- 2.2. Тұрақты сөз тіркестерінің стильдік қолданылуы

II тарау. Тұрақты сөз тіркестерін оқушыларға меңгертудің тиімді әдістері

- 2.1. Тұрақты сөз тіркестерінің интерактив әдістер негізінде оқыту мәселелері
- 2.2. Фразеологиялық варианттарды оқытуда жаңаша сабақ өту әдістері
- 2.3. Фразеологиялық синонимдерді оқытуда ойын түрлерін пайдаланудың тиімділігі
- 2.4. Сабақ үлгісі

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

К І Р І С П Е

Елімізде тәлім-тәрбие жүйесін түптен реформалау, оны заман талаптары дәрежесіне көтеру, келешек үшін жан-жақты дамыған жаңа ұрпақты тәрбиелеу мемлекеттік саясаттың негізгі бағдарына айланды.

Бітіру мамандық жұмысы тақырыбының көкейтестілігі: Бүгінгі күннің басты талаптарының бірі – қоғамға білімді, саналы, жан-жақты дамыған азаматтарды тәрбиелеу болып табылады. Қазіргі орта мектептерде өзгерістің тереңдігімен білімді де, тәрбиені де қайта қарап, жаңа жоспарлар түзілуде. Қазіргі кезде оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру, техникамен жарақталу, оқу-тәрбие процесін басқару, педагог дайындау сияқты маңызды бағыттарды ілгерілетуді жолға қойып отыр. Заман мұғалімдерге жоғары талаптар қояды. Білім берудің бүкіл жүйесін қайта құрудағы басты тұлға – мұғалім. Солай екен, оқушылардың білім жүйесін сапалық жаңа деңгейге көтеру ұстаздан ыждағаттылықты талап етеді. Оқытудың тиімділігін арттырып, жастарды дербес өмір сүруге, еңбекке дайындау үшін заман қазір мұғалімнен творчестволық пікірлерді дамытуды, оқушыларға білімді игеруде бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, барлық әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырғанда ғана сапалы білім, саналы тәрбие беру жүзеге асады. Орта мектепте оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды берудің мәні ерекше. Тіліміздегі фразеологизмдерді, олардың жасалу жолдарын, түрлерін, өзіндік ерекшеліктерін, оның сөйлемде атқаратын қызметтері тағы сол сияқты қасиеттерін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырудың және де жаңа педагогикалық технологиядан пайдаланудың орны ерекше. Солай екен, фразеологизмдердің өзіндік сипатын, ерекшеліктерін мектеп оқушыларына игертудің маңызы орасан зор. *«... Егер біз мемлекетіміздің кез келген қаласы мен ауылдарында болмайық, жылт еткен қолынан өнер ұшқыны таматын жастарды көргенде, барлығымыз оны дер кезінде аңғарып, ардақтап, оған жылы лебіз білдіріп, оған жол ашып берсек, барша әркеттерімізбен алға қарай жол жүруімізді міне осындай ұлы мақсатқа қаратсақ, сеніммен айтқанда,*

көре алмаушылықпен емес, соған әуес етіп жасауды өмір сүру заңына айналдырсақ, біз ұлттық даму барысында және де ұлы шоққыларды иелеуге жете аламыз...¹» - деген еді бірінші Президентіміз. Сондықтан да біз жастар, ғылым жолында көп ізденіп, келешекте ел үшін аянбай еңбек етуіміз, ұрпақты саналы тәрбиелеуге бел байлауымыз керек. Ол үшін ғылыммен айналысып, талай шығармашылық еңбектер жазуымыз керек.

Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танымдағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз.

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті.

Бұдан, әрине, ауыз әдебиетінің көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана есіне сақтап және ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, жеке авторлар шығарған әдеби туынды кейіннен өңделіп, сұрыпталып, оған ұжым болып творчестволық өзгерістер енгізіп отырған.

Бітіру мамандық жұмысының зерттеу нысаны: Өз ана тілін шұбарламай анық сөйлеуге, оны кең мүмкіндіктерінен жан-жақты пайдаланып, еркін пікірлеуге баулу, оқушылардың сөздік қорын байыту.

Бітіру мамандық жұмысының мақсаты: Жұмыстың негізгі мақсаты – фразеологизм туралы жалпы ұғым, фразеологиялық оралымдардың өзіне тән белгілері, әсіресе фразеологизмдердің түрлерін ажырату; сол сияқты фразеологизмдердің мақал-мәтелдерде қолданылуы, фразеологизмдердің сөз

¹ И.Каримов. Юсак маънавият енгилмас куч. Тошкент. “Маънавият”, 2009. –Б. 121-122.

табына қатысы және есім фразеологизмдер мен етістік фразеологизмдердің бір-бірімен байланысу жолдарын анықтау; фразеологизм тақырыбын мектеп қабырғасында түрлі жаңа педагогикалық технология әдіс-тәсілдері арқылы оқыту сынды ділгір мәселелер бүгінгі ғылыми жұмысымыздың негізгі міндеттерін құрайды. Бітіру мамандық жұмысының негізгі мақсаты орта мектепте фразеологизмді оқыту мәселелеріне қаратылған болып, ол төмендегідей міндеттерді белгілейді:

1) Фразеологизмдерге тиісті болған ғылыми еңбектерді оқып үйрену, талдау. 2) Фразеологизмді мектепте оқыту мәселелеріне және онда жаңа педагогикалық технологияны қолдануға тиісті ғылыми методикалық әдебиеттерді оқу, талдау, амалда қолдау. 3) Жаңа педагогикалық технологияға негізделген әдіс-тәсілдерді мектепте оқыту барысында тәжірибеде көріп шығу, оның тиімділігін анықтау. Жұмыста сипаттамалы, салыстырмалы, байқау меродтарынан пайдаланылған.

Бітіру мамандық жұмысының міндеті. Жалпы орта білім беретін мектептерде фразеологизмді оқыту процесі. Оқу – тәрбие істерін қоғамда болып жатқан ең соңғы ғылыми технологиялық жаңалық өзгерістерімен тығыз байланыстыру.

Бітіру мамандық жұмысы тақырыбының зерттелуі:

Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тиянақты тіркестерді тексеретін тіл білімінің саласы дегенді, екіншісі – бір тілдегі фразеологизм байлығының тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Алайда фразеологизмдер жеріне жеткізе зерттеліп біткен ғылым деп айтуға болмайды. Мұның шешілмеген даулық мәселелері өте көп. Сондықтан да соңғы 15-20 жылға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттеушілер тым аз болды. Көбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызып, лексиканың көлемінде тексерумен шектеліп келгендігі мәлім.

Ол тек қазақ тілінде ғана емес, ал жалпы тил білімінде де белгілі бір системаға түсіп, толық шешіліп болған жоқ. Сондықтан да профессор Е.М.Галкина -Федорук тіл білімінде фразеологиялық сөз тіркестери

жөнінде мәселенің түрліше қаралып. Онда әлі күнге дейін фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық тізбектер, бөлінбейтін сөз тізбектері. Тұрақты сөз тізбектері. Идиомалық сөзлер. Лексикалық сөз тізбектері. Идиомалар. Фраземалар сияқты түрліше терминдердің пайдаланып келе жатырғандығы, бұл нәрсенің фразеологиялық сөз тіркестерінің мазмұнын және заңдылықтарын анықтауды қиындастырып отырғандығы туралы ескертеді. Оның үстіне фразеологиялық материалдар өздерінің генетикалық, функционалдық, құрылыстық айрықшалықтары жағынан түрліше семантикалық объектіні дәл белгілеуде біраз ойлануларды тудырады¹.

Соңғы 20-25 жыл көлемінде түркі тілдерінде фразеология проблемалары жан-жақты зерттеліп, қырауар еңбектер жарық көрді². Әсіресе, академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады.

Фразеологизмдер өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар. Олар: 1) дайын қалпында жұмсалыу белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы.

Осы үш белгіні түсіну үшін әрқайсысын жеке-жеке алапы қарайық. Фразеологизмдердің даяр қалпында жұмсалыу белгісі еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады.

Фразеологиялық сөз тіркестері жөнінде проф. Е.Бердімуратов: Сөздік құрамда тек жеке сөздер ғана емес, бір неше сөздер тізбегінен құралған тұрақты сөз тізбектері де белгілі орынды иелейді. Фразеологиялық сөз тіркестерінің элементтерінен есапталатын мақал-мәтелдер, идиомалар сондай-ақ, оның басқа да түрлері біздің күнделікті тіл арқылы қатынас процесімізде пікірімізді толық, өзіне тән барлық мәнідес реңктерімен

¹ Галкина-Федорук Е.М. Современный русский язык. Лексика, Москва, 1998, 148-б.

² І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. 1977.

жеткеруде айрықша рөл атқарады деп көрсетеді¹.

Лексикологияның негізгі объектісі — сөз, ал сөздің қыр-сыры өте көп дедік. Лексикология тілдегі сөздерді жан-жақты, әр түрлі тұрғыдан зерттейді. Соған орай, лексикологияның бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше саласы мен тармақтары бар. Олардың негізгілері мыналар: семасиология, этимология, фразеология, ономазиология, ономастика, топонимика, антропонимика т. т.

Бұл салада қазақ тіл білімі мамандары елеулі еңбектер жазған. Жалпы тіл білімінің мамандарынан К. Аханов және Ә. Хасеновтар қазақ тілі лексикасын әрі туыс болған, әрі туыс емес тілдердің лексикасымен салыстыра зерттеген болса, Ә. Болғанбаев, Ғ. Мұсабаев, І. Кеңесбаев, С. Мырзабеков сияқты ғалымдар өз еңбектерінде қазақ тілінің негізгі салаларынан бірі болған лексика жайлы ой-пікірлерін көрсетіп өткен. Олардың еңбектерінде лексикологияның әр қырынан зерттеліп, қазіргі қазақ тілінде оның теориялық мәселелері айқындалады.

Біз жоғарыдағы лингвисттердің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып бітіру мамандық жұмысымызды амалға асырдық.

Зерттеу әдісі: Осы біліктілік бітіру жұмысында кластер, ақыл шабуылы, венн диаграммалары, сөз жұмбақтар сияқты әдістерден пайдаланып, фразеологизмдерді оқытуды дәстүрлі және жүйелі түрде талданған.

Бітіру мамандық жұмысы тақырыбының таңдалуы мен талқылануы. Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті Өзбек тілі және әдебиеті факультеті «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту методикасы» кафедрасында ұсынылған, сол кафедрада сынақтан өткен және ашық қорғауға ұсынылған.

Бітіру мамандық жұмысының құрылысы: Біліктілік бітіру жұмысын талданған материалдардың бағыт-бағдары негізінде төмендегіше сипаттауға болады: жұмыстың жалпы сипаттамасы, кіріспе, үш бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады.

¹ Бердимуратов Е. Хәзирги қарақалпақ тили, Нөкис, 1994, 82-б.

I тарау. Тұрақты сөз тіркестері және оның өзіндік белгілері

1.1. Тұрақты сөз тіркестері туралы жалпы түсінік

Фразеология грек тілінің *phrasis* (сөйлемше) және *logos* (ілім) деген сөздерінен жасалған термин. Фразеология лексикологияның бір саласы болып тұрақты сөз тіркесінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын, жасалу жолдарын зерттейді. Тілдегі сөз тіркестері өзінің лексикалық ерекшеліктеріне қарай екі түрге бөлінеді:

1. Еркін тіркес
2. Тұрақты фразеологиялық тіркес.

Синтаксисте соңғы кезде жан-жақты қолға алына бастаған синтаксистік объектінің бірі - сөз тіркесінің синтаксисі. Ш.Сарыбаевтың библиографиялық көрсеткіші бойынша сөз тіркесі синтаксисі жөнінде қазақ тілі және қазақ тілі мен басқа тілдерді салыстыру жайында 400-дей монография, оқулық және мақала жарық көріпті. Ол еңбектерде сөз тіркесінің теориялық мәселелері, сөз тіркесінің орыс тілі, ағылшын, неміс тілдерімен салыстырыла берілуі, тарихы сияқты мәселелер қамтылады. Бұл зерттеулерге қарағанда сөз тіркестерінің теориялық мәселелері жан-жақты зерттеу объектісі бола бастағанымен, сөз тіркестерін мектептерде оқу, яғни оны оқытудың методикасы бірер мақаланың төңірегінде ғана сөз болып отыр. Сондықтан да сөз тіркесіне қатысты методикалық мәселелер жан-жақты қарауды күтіп отырған күрделі мәселе. Сөз тіркесінің теориясында, Түркология еңбектерде бір ізге түспеген мәселелер баршылық. Сөздің еркін тіркесінде сөздер ыңғайына қарай әр түрлі сөздермен тіркеседі.

Мысалы: жақсы деген сөз, жақсы қыз, жақсы бала деген сөздерімен еркін тіркесіп келеді.

Тұрақты фразеологиялық тіркестерде сөздер кез келген сөздермен тіркесе бермейді. Белгілі бір сөздермен тіркесе айтылып, әбден қалыптасып тұрақты сөз тіркесі болып келеді. Мысалы: қой аузынан шөп алмас деген тіркес момын деген мағананы білдіреді. Бұл тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер сол тіркес ішіндегі сөздер мен тіркесіп барып қана тұрақты фразеологиялық сөз тіркесін жасайды. Жоғарыдағы сөйлемнің ішіндегі қойдың орнына ешкі сөзін

қойып айтсақ тұрақты сөз тіркесі бұзылып, фразеологиялық тіркес болудан қалады. Сөйтіп, тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері деп әбден қалыптасқан, өзгертуге келмейтін сөз тіркестерін айтамыз. Қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық единицаларға мыналар кіреді:

1. идиома және фразалар
2. мақал мен мәтел
- 3) қанатты сөздер мен афоризмдер.

Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тиянақты тіркестерді тексеретін тіл білімінің саласы дегенді, екіншісі-бір тілдегі фразеологизм байлығының тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Алайда фразеологизмдер жеріне жеткізе зерттеліп біткен ғылым деп айтуға болмайды. Мұның шешілмеген даулы мәселелері өте көп. Сондықтан да соңғы 15-20 жылға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттеушілер тым аз болды. Көбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызып, лексикалық көлемінде тексерумен шектеліп келгендігі мәлім. Соңғы 20-25 жыл көлемінде түркі тілдерінде фразеология проболемалары жан-жақты зерттеліп, қыруар еңбектер жарық көрді. Әсіресе, академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» атты бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан.

Фразеологизмдер өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалыу белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы.

Фразеологизмдердің **даяр қалпында** жұмсалыу белгісі еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады. Мысалы: Ерке дүкеннен 40 пышақ сатып алды. Қырық пышақпен қыржындап тұрған түлкі, О да осал жау емес қыран паңға (Абай). Екі сөйлемдегі қырық пышақ деген тіркестің алғашқысы- еркін тіркес те, соңғысы- фразалық тіркес.

Оң көз бен оң қол дегендерді түсіну үшін де пәлендей контекстің қажеті

жоқ. Өйткені бұлар өзінің тура (заттық) мағынасында жұмсалып тұр. Ал «менің оң көзім де, оң қолым да бір өзіңсің» десек, мұндағы *оң көз* бен *оң қол* дегендер туынды мағынада қолданылып, фразеологизмге айналған. Бұлар сенімді серік, адал да мықты жәрдемші дегендермен баламалық қарым- қатынасқа түседі. Сондықтан фразалық байлаулы мағынадағы сөздер өзіне лайықты белгілі контексті талап етіп тұрады.

Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданылуы жағынан лексикалық единица - сөзге ұқсайды. Жалаң сөз де, күрделі сөз де сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде сөйлемнің құрамына енеді. Мәселен, бала, балалы, балалық, балалау, бала-шаға, балажан, балажандық, балалы-шағалы тәрізді сөздер сөйлемнің құрамына енгенде бұлар түбір морфема, аффикстік морфемаға жіктелмейді, әрқайсысы бір бүтін единица ретінде жұмсалады. Фразеологизмдер де дәл осы сияқты құбылыс деп тану керек.

Фразеологизмдердің өзіндік екінші белгісі - **мағына тұтастығы**. Фразеологизм біткеннің бәрінде де белгілі бір меншікті мағынасы болады. Ол мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына сәйкеспейді, оларға тәуелсіз өздігінен өмір сүреді. Мәселен, *жерден жеті қоян тапқандай* дегеннен қатты қуанды, шаттанды дегенді түсінеміз. Бұл мағына *жер, жеті, қоян, табу* деген төрт сөздің бір де біреуімен байланыспайтын, бірақ сол төрт сөздің қаз-қатар жұптасып қолдануы арқылы пайда болады. Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданып қана қоймайда, мағыналық жағынан да бір тұтас единица ретінде көрінеді.

Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасады. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздерді жігі ажыратылмай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөзбен алмастырнуға я болмаса, тұрақты орын-тәртібін өзгертуге келмейді. Мәселен, *мұрнын көкке көтерді* дегеннің орнына *қолын көкке көтерді* десек, мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді.

Фразеологизмдерге тән үш түрлі белгі болғанымен, бұлар бір-бірімен әрдайым ашық ажыратыла бермейді.

Орыс тілі білімінде академик В.В.Виноградов классификациясын негізге алып бөледі. Бұл классификацияны Отандық тіл ғылымына басшылыққа алғалы 30-40 жылда уақыт өтті. Қазақ тіл білімінде осы классификацияны бірден-бір арқау етіп келе жатырмыз.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып, негізінен үш топқа жіктеледі.

Фразеологиялық тұтастық

Бұл топқа фразеологизм құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мәселен, *мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді* дегеннен *қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады* дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекеленген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді.

Фразеологиялық бірлік

Бұлар да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы, я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан келіп шығады. Мәселен, *ескі жараның аузын ашты* дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Сол мағынаға басқадай мән беріп, ауыстырып қолдану арқылы жасалғандығы бірден көзге шалынады.

Фразеологиялық тізбек

Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шаққан. Яғни тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күнгірт

тарта бастаған. Мұнда ерікті мағынасындағы сөзбен фразеологиялық қалпында сөздің тіркесуінен жасалып, сол қалпында, тізбек күйінде қолданылады. Мысалы: бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, бауырсақ мұрын, кем иек, ала қол, қара бет, жел аяқ, қарсақ жон, қолаң шаш, мысық мұрт, алтын айдар, жуан жұдырық, қозы жауырын, ақ саусақ, балды бармақ, кең қолтық, көк езу, салпы ерін, кер азу, қалам қас, ай қабақ, теке сақа, торсық шеке, жез таңдай, бір ұрт, қызыл тіл, күміс көмей, қамыс құлақ, шөп желке, қу жақ, қызыл кеңірдек, біз тұмсық, бір төбе, зор кеуде, шер көкірек, аршын төс, қабырға ағайын, көк жұлын, жүйке тамыр, аш бүйір, еркек кіндік, салқын қанды, т.б.

Құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер

Мысалы: бір қолын екі ете алмады, екі иығынан дем алды, үш ұйықтаса, ойда жоқ, ел бетін көрместей болды, табанын жерге тигізбеді, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты, ішкен асы бойына тарамады, көзіне көк шыбын үймелетті, көрер таңды көзімен атырды, ашса алақанында, жұмса жұдырығында, ішкен асын жерге қойды, аяқ қолын бауырына алды, басы ауырып, балтыры сыздады, бұтын бұт, қолын қол қылды, қасынан бір елі тастамады, жеңген иттің желкесінен алды, көңілі су сепкендей басылды, қашпаған қара қашардың уызына қарайтын, қой үстіне боз торғай жұмыртқалады, т.б.

Мақал – мәтел және нақыл сөздер

Мақал - араб тілінен енген сөз. Мұның мағынасы «орынды сөз, тиісті орынды айтылған сөз» дегенді білдіреді. әрі ықшам, әрі көркем, терең ойлы, кең сезімді асқан ықшам айтылады. Мақалдар көбінесе екі бөлімді мағыналы болып келеді де, алдыңғысы шарт немесе пайдалану ал соңғысында қорытынды немесе түйінді пікір айтылады. М: Кең болсаң кем болмайсың. Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді- деген мақалдардың алдыңғысы шарт не пайдалану және соңғысы қорытынды, түйінді пікір болып тұр.

Мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырады. М: Ексең

егін - орасың тегін. Білім - таусылмайтын кен.

Мәтел - деп тұжырымды тиянақтамай жанамалап айтылған образды ықшам халықтың сөз өрнегін айтамыз. М: Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда. Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады.

Нақыл сөздер (нақыл араб сөзі - өсиет, мысал айту деген мағынаны білдіреді) деп мақал-мәтелдерге үндес көркем, терең мағыналы қысқаша сөз өрнегін айтамыз. Кейде нақыл сөздерді қанатты сөздер деп те, афоризм деп те атаймыз. М: С.Мұқановтан: «Адамның ішкі сезімінің айнасы – сөз», М.Әуезовтан: «Ар жазасы -бар жазадан ауыр». Нақыл сөздер өзара іштей мынадай топтарға бөлінеді:

- 1.афоризмдер.
- 2.қанатты сөздер.
- 3.өсиет, даналық сөздер.

Мағынасы терең, ойды қысқаша бейнелейтін мақал-мәтелге ұқсас айтуға оңай көркем сөз тіркесін афоризм сөз деп атаймыз.

Ал қанатты сөз айтайын деген ойды қысқа көркем түрде білдіріп, әуен ырғағы бар, ел аузында жатқа айтылып кеткен ұтымды сөздер болып табылады.

М: «Талаптың мініп тұлпарын,

Тас қияға Өрледің» (Абай)

Ал, өсиет даналық сөздер тобына қысқа сөзбен көп ойды білдіретін ашық мағыналы үгіт, насихаттық қызметті атқаратын аталық, даналық сөздер жатады.

М: *суын ішкен құдыққа түкірме* (халық ауыз.) Осы қанатты сөздерді ғылыми әдебиетте дидактикалық сөздер деп те атайды.

1.3. Тұрақты сөз тіркестерінің стилистикалық қызметі

«**Фразеология**» термині кең мағынада алғанда, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар. Ол сөз тіркестерінің екі не онан да көп компоненттері болады, бірақ сөз тіркестері семантикалық бірлікте

болып, тұтас бір ұғымды білдіреді. Мысалы: көз бояу, жүрегiнiң түгi бар, қу бастан қуырдақтың ет алғаны.т.б. Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы ғасырлар бойы қалыптасып, ел аузында көп айтылып жалпы халыққа түсінікті болып кеткен.

Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды.

Фразеологизмдерге идиома, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Сонымен бірге қалыптасқан тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы - қос сөздер. қазақ тіліндегі қос сөздер форма жағынан да, семантика жағынан да түрлі-түрлі болып келеді. Қос сөздер әдетте екі сөзді болады. Үш сөз қос сөздер сирек кездеседі.

Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері:

1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады.
2. Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады.
3. Мағына бірлігі сақталады.
4. Екі сөзден кем болмайды.

Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын бәрі де ең алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдер, алдымен, адамдардың ой-сезімін, ара-қатынасын, өмір тануын білдіреді.

Қазақ тілі фразеологизмдерінің біразы өткір сықаққа құрылған. Ол қасиет әсіресе жағымсыз образдарды сипаттайтын идиом, мақал-мәтелдерде баса сезіледі. Мысалы: «түйе үстінен сирақ ұйыту», «қу бастан қуырдақтық ет алу», «жұмыртқадан жүн қырыққан», «ит екеш итке де бір сүйек қарыз» т.б.

Фразеология – тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы. Фразеология – соңғы жылдары дамып, қалыптаса бастаған жаңа лингвистикалық пән.

Фразеология өз алдына бөлек лингвистикалық пән ретінде тіліміздегі фразеологизмдерді құрылысына мағыналық ерекшелігіне қарай жіктеп,

топтастырады және тұрақты сөз тіркестерінің құрамын анықтап, оның жасалу жолдарын, даму заңдылықтарын зерттейді.

Тұрақты сөз тіркестері тілімізде екі түрлі қызмет атқарады:

Бірінші, фразеологиялық единицалардың негізгі қызметі – заттың не құбылыстың атын білдіретін және сөйлем түрінде келіп, пікір алысу құралы болатын тілдің элементі.

Екінші, фразеологиялық единицалар тілімізге образды: бейнелі және мәнерлі рең беруде, тіліміздің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыруда зор мәні бар. Тұрақты сөз тіркестерінің осы қызметінің стилистика үшін мәні ерекше зор.

Фразеологиялық единицалар тілімізде көркем, бейнелі етіп, оған айрықша ән береді. Ол сөйлеу және жазу тілімізде ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерін және басқа да бейнелі сөз орамдарын орнын тауып, нақтылы дәл қолданумен байланысты.

Образдылық - тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиет. Мысалы, алдану – тақырға отырып қалу; момын - қой аузынан шөп алмас; алыс – ит арқасы қиян; жас – белінен бесік табы кетпеген т.б. Бұл тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы компоненттерінің бәрі де ауыс мағыналы сөздер. Мұндай сөздер – айтылатын ойды бейнелі және әсерлі мағыналы сөздер. Мұндай сөздер – айтылатын ойды бейнелі және әсерлі жеткізу үшін таптырмайтын тілдік құрал.

Фразеологизмдер өздерінің бейнелік құрылысы жағынан да әр алуан болып келеді. Онда тұрақты эпитет, тұрақты теңеу, тұрақты әсірелеу сияқты поэтикалық тіл ілгілерінің бәрі де бар:

Тұрақты эпитет: қыпша бел, бұраң бел, ай қабақ, сүмбіл шаш, ақ сұңқар, алма мойын, ин жанды, жылқы мінезді, айыр тілді т.б.

Тұрақты теңеу: атқан таңдай, иненің жауысындай, көздің қарашығындай, шөккен нардай, қордың қызындай, есектің мияндай, инемен құдық қазғандай, көзге біткен сүйелдей, тонның ішкі бауындай, сөзі түйеден түскендей т.б.

Тұрақты әсірелеу: көл-көсір, телегей-теңіз, көп түкірсе көл болар, әлемде теңі жоқ, ай десе аузы, көн десе көзі, көзі шарасынан шығу, жаны мұрнының ұшына келу т.б.

Тұрақты литота: әсірелеуде белгілі бір зат не құбылыс шамадан тыс үлкейтіліп айтылса, литотада, керісінше, әте кішірейтіліп сипатталады. Мысалы, тізе бүкпеу, бел жазбау, кірпік қақпау, көз ілінбеу, тірі жан жоқ, бір минутқа немесе дүниені бір уыс қылу, бір тарының қауызына сию т.б.

Фрезологизмдерге образдылық, мәнер беретін синтаксис, фонетика және ырғақ сияқты көптеген тәсілдер бар. Бұл тәсілдер тұрақты сөз тіркестерін поэтикаға жақындатады. Мәселен, фразеологизмдердің көпшілігі шендестіру, дамыту, параллелизм, анафора сияқты поэтикалық синтаксиске құралған.

Шендестіру: антитеза жолымен құрылған тұрақты сөз тіркестері: мың асуға бір тосу, бірде бие, бірде түйе, түздегі май ішсе, үйдегі зәр ішеді т.б. Антонимге құрылған мақал-мәтелдер: көп тыңда, аз сөйле, бетегеден биік, жусаннан аласа, еріншек егіншіден елгезек масақшы озады т.б.

Оксюморон: мағынасы қарама-қарсы, антоним сөздер өз ара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді: тірі өлік, тірі жетім, жаман жақсы көру. Уәдеден шығу, жіпсіз байлану, пышақсыз бауыздау, қайырсыз пайдадан, қайырсыз залал, тікеннен гүл, захардан бал, түйенің құйрығы жерге тигенде т.б. дегендердің әзіл-ойын аралас келетін сөйлеу тілі фразеологизмдерінің оксюморонға ұқсастығы байқалады.

Дамыту: оқу – білім бұлағы, білім - өмір шырағы, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер т.б.

Парараллелизм: киім кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер, гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі, сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес т.б. Бұл құбылыс мақал мен афоризмдерде жиі кездеседі.

Анафора: анафора деп сөзді не сөйлемшені сөйлемнің басында бір ыңғай қайталауды айтады: қол-қолды табады, бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйды, көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады т.б.

Эпифорада қайталанатын сөз керісінше сөйлемнің аяғында келеді. Мысалы, жаз шанаңды сайла, қыс арбаңды сайла, аласаны атқа санама, жақыныңды жатқа санама, аштық ас талғатпайды, аштықтық жас талғатпайды т.б.

Қайталаудың бұл түрлері каламбурдың жасалуына негіз болады. Дүниеқор – дүниенің құлы, қашпаған қашар сиырдың уызы, бояушы бояушы дегенге сақалын бояйды, жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ мысалдар түбірлес сөздердің әр түрлі мағынада қолданылуы арқылы жасалған каламбурлар.

Тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелердің бір-бірімен мағына ұқсастығын әдетте фразеологиялық синоним дейді. Мысалы, жұмған аузын ашпау, «үндемеу» деген сөзге эквивалент болса, екінші жағынан, тіс жармау «ләм демеу» деген сөз тіркесіне синонимдер эквивалент болады.

Фразеологиялық синонимдер екі, үш, төрт одан да көп болып келе беретіні байқалады. Мысалы:

Телегей-теңіз, көл-көсір. Ит жанды, жылқы мінезді (төзімді). Маңдайы ашылған, қыдыр дарыған, бақ қонған (бақытты). Сағы сыну, тауы шағылу, жүрегі шайылу (беті қайту) т.б.

Кейбір фразеологиялық синонимдер бірінен соң бірі сатылап дамып, сөз тіркестерінің мағынасы кеңейе түскен. Бұған уақыт пен қашықтықты білдіретін фразеологизмдерді мысалға келтіруге болады: шай қайнатым, сүт пісірім, ет асым, бие сауым; таяқ тастам, арқан бойы, қозы көш жер, ат шаптырым т.б.

Фразеологизмдердің бір ерекше сипаты – мақал-мәтелдердің өзара синонимдес келуі. Мысалы:

1. Алдыңғы арба қалай жүрсе,
Соңғы арба солай жүреді.
2. Сиыр су ішсе,
Бұзау мұз жалайды.
1. Тау мен тасты су бұзар
Адамзатты сөз бұзар.
2. Қотыр қолдан жұғады,
Пәле тілден жұғады.

Сөйтіп фразеологиялық синоним дегеніміз - әр түрлі образдарға кұралған, бірақ мағынасы бір-біріне жақын, тұрақты сөз тіркестері. Фразеологиялық синонимдерде плеоназмдар мен перифразалар да жатады.

Плеоназмдарға мысалдар: жарым-жарты, самал жел, ұлан-байтақ, қоңыр салқын, жарық сәуле, сәске түс, ақыр аяғы т.б.

Перифразаларға жататындар: қыз бала – тақия тігер, қырық жеті; ер бала – ат ұстар, еркек кіндік; ақшам аз - қалам таяз; Перифразаның ерекше бір түрі – эвфемизм. Перифразаның бұл түріне бірнеше мысал келтірейік. Өтірікші – аузының желі бар; түсінеді – төбесі тесік; ұры- қолының жымырқасы бар; ұрлану - қолды болу т.б.

Фразеологиялық синонимдер бір-бірінен семантикалық реңіне, стильдік бояуына және қолдану аясына қарай ерекшеленеді. Мысалы, тайға таңба басқандай, атқан таңдай, соқырға таяқ ұстатқандай синонимдер ашық, айқын деген ұғымды білдіретін мағынасы жақын сөздердің тіркестері болғанымен, олардың экспрессивті қасиеті мен қолдану аясы бірдей емес. Мұндай өзгешелікті алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді мен сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды сияқты мақал-мәтелдерден де байқаймыз. Ал кейбір фразеологиялық синонимдер бірыңғай болып келеді: беті қайту, сағы сыну, тауы шағылу, жүрегі шайлығыу т.б.

Сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында қолдану жағынан мақал-мәтелдер фразеологизмдерге ұқсайды. Мақалдар негізінен екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңынаен сол пікірді түйіндеп қорытындылайды. Я болмаса екі нәрсені бір-біріне қарсы қойып, салыстырады. Мысалы: Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа. Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа. Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу. Суық ширатады, жылы жасытады. Аяғы жаман төрді былғайды, Аузы жаман елді былғайды. Балық аулай алмаған суды лайлайды. Атың барда жер таны желіп жүріп, Асың барда ел таны беріп жүріп ,т.б.

Фразалық тіркестердің енді бір ерекшелігі-дыбыс үйлесімі, ұйқасқа құрылуы. Мысалы, *ақай жоқ, тоқай жоқ; үлде мен бұлдеге орану* сияқты тіркестер ұйқас нәтижесінде жасалған болуы керек.

Фразалық тіркестердің ішінде әсіресе аллитерация тәсілімен үйірлескен сөз келісімдері жиі ұшырасады. Бұлардың **с**, **т** дыбыстары арқылы жасалатынын ғана көрсетіп өтейік. «Сай сүйегім сырқырады», «Сайда саны,

құмда ізі жоқ» дегенде алғашқы идиомдағы сөздердің бәрі де с дыбысынан басталып тұр. «Сайда саны(жоқ), құмда ізі жоқ» дегенніңсоңғы бөлігі («құмда ізі жоқ») алғашқы бөлікпен («сайда саны») мағына жағынан қабысып тұр. Осы сияқты бір тізбектің (фразаның) ішіндегі компоненттер түгелімен бір түрлі дыбыстан келе беруі шарт емес.

Ассонанс жолымен келетін тізбектер де бар. «Атқан таңдай» (сұлу), «Көзге біткен сүйелдей» сықылдылар не біркелкі жіңішке сөздерден, не біркелкі жуан сөздерден келіп тұр.

Фразеологизмнің мағына бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, құрылым-құрылысы жағынан ұқсас (үйлес) келген құрылымдарды *фразеологиялық варианттар* деп атайды. Фразеологиялық варианттар екі түрлі болады: а) Фонетикалық вариант, ә) Лексикалық вариант. Фонетикалық вариантқа тұрақты сөз тіркесінің құрамына енген кейбір сөздердің бірде жуан, бірде жіңішке, кейде толық, кейде қысқарып айтылуы жатады. Мәселен, *Ай дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожса жоқ* дегенді *әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожса жоқ* дегенді айта береді. Мұндағы *ай* мен *әй*, *ажса* мен бір-біріне фонетикалық вариант болып есептеледі. Фонетикалық варианттар бір сөздің ішінде де түрлі-түрлі болып өзгеріп отыруы мүмкін. Мәселен, *ұнжырғасы түсті* деген фразеологизм *ұнжорға, үнжорға, енжорға, өнжорға* болып та ауызекі тілде айтыла береді. Лексикалық варианттар фразеологизмдердің арасынан жиі ұшырасады. Мысалы, ағама жеңгем сай – апама жездем сай, аға өлсе, іні мұра – аға өлсе жеңге мұра, адыра қалды – қаран қалды, ант атқан - ант ұрған, аузы мұрнынан келді - аузы мұрнынан шықты т.б. Кей жағдайда фразеологизмнің құрамындағы әрбір сөзден әр түрлі варианттар өрбиді. Мысалы: *Көңілге қуат* (медет, медеу)

Омономия мен көп мағыналылық(полисемия) құбылыстары негізінен жеке сөздердің арасында жиі ұшырасады. Фразеологизмдер арасынан да ара-тұра кездесіп қалады. Әсіресе омонимия құбылысы фразеологизмдерден тым сирек байқалады. Мысалы: 1.*Ат қойды-атой салып шаба жөнелді.* 2.*Ат қойды-балаға қойылатын есім, ныспы.*

Тілдегі жеке сөздер тәрізді тұрақты тіркестерді де кейбіреулері көп

мағыналы болып кездеседі. Алайда фразеологизмдердің бәрі бірдей емес, идиом біткендері әрдайым дара мағыналы болады да, фразалық тіркестердің қайсыбіреулері көп мағыналы болатындығы байқалады. Мысалы, *бой бермеді*: а) *айтқанға көнбеді, жеңістік бермеді*, ә) *ырық бармеді, күші жетпеді*. *Жігіт ағасы*: а) *ер- жетті, есейді*; ә) *ақылшы, басшы*.

Фразеологизмдерден туатын көп мағыналық екі түрлі жолмен жасалады. Оның бірі- жалғаса туады, екіншісі- жарыса туады. Мәселен, *ат үсті* деген тұрақты тіркестің ең алғашқы мағынасы, ат үстінде тұрумен байланысты шыққан. Содан соң осы ұғымға жалғастырып қолдану арқылы үстірт, үстіртін мағынасы пайда болған. Фразеологизмдердің де көп мағыналығы да негізгі заттық мағынадан өрбиді. Туынды мағына сол алғашқы лексикалы мағынаны ауыстырып қолданудан келіп шығады. Мәселен, *иі қанді (жетті)* деген тұрақты тіркестің ең алғашқы мағынасы илеген заттың илеуін жеткізу, әбден жұмсартып, жұмсақ қалыпқа келтіру болса, одан соң бір нәрсені әбден жетілдіріп, шыңдап кемеліне келтіру ұғымы келіп шықты. Кей жағдайда жалғаспалы мағына мен жарыспалы мағына бір-біріне ұласып, үсті-үстіне туынды мағына жамай беруі мүмкін. Мәселен, *зәрі қайтты дегеннен*; а) *уы тарарды*; ә) *жыли бастады*; б) *ашуы басылды* деген үш түрлі мағына туындаған.

Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылысты тіл білімінде фразеологиялық синонимдер деп атайды. Мәселен, *аза бойы қаза болды, аза бойы тік тұрды, азар да безер болды, ат-тонын ала ұашты* дегендер мән-мағынасы жағынан бір-біріне жақын келгенімен, іштей өзіндік сәл ерекшеліктері бар. Фразеологиялық синонимдер де ұғымы жағынан бірінен-бірі сатылап өсіп, күшейіп отырады. Мысалы. *Көз(кірпік) ілмеді, көз шырымын алмады, түн баласына кірпік қақпады, түн ұйқысын төрт бөлді, көрер таңды көзімен атырды*.

Фразеологиялық синонимдер сындық және үстеулік мағынада да кездеседі. Мәселен, біреудің асқан сұлулығын бейнелеп айтқымыз келсе: *ай*

десе аузы бар, күн десе, көзі бар, үріп ауызға салғандай дейміз. Фразеологиялық синонимдер көркем образ жасау үшін қолданылады. Сондақтан бұлар тілдегі кез келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді.

Фразеологиялық синонимдер тәрізді мақал-мәтелдер де бір-біріне синоним болып жұмсала береді. Мысалы: *біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы; қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы т.б.*

Фразеологиялық антонимдер мән-мағынасы жағынан қарама-қарсы болып қолданылатын тұрақты тіркестер. Қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдер негізінен екі түрлі болып кездеседі. Мұның бірінші түрі тұрақты тіркестердің өз ішіндегі компоненттерді басқадай сөздермен алмастыру арқылы жасалады. Мысалы: *аты шықты-аты өшті, бақ қонды-бағы, тайды, ер жүрек-қоян жүрек т.б.* Фразеологиялық антонимдердің екінші түрі құрылым-құрылысы жағынан да, құрамы жағынан да мүлдем басқа сөздер болып кездеседі. Мысала: *соры сорпадай қайнады-көзі ашылды, шөлі қанды-қаны кепті, өркенің өскір-желкең қиылғыр т.б.*

Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М.Шанский фразеологиялық оралым тілде жеке сөздің қызметін атқарады дейді. Тұрақты тіркестерге тән ортақ қасиет бұлардың құрамындағы сөздер дараланбай, мағынаның тұтастығы мен бірлігіне бағынышты, әрі тәуелді болады да, бір сөздің орнына жүреді. Мәселен, *араға от жақты* (араздастыру, жауластыру).

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығы жағынан негізінен төрт топқа бөліп қарауға болады:

1. Етістік мағыналы фразеологизмдер.
2. Сындық мағыналы фразеологизмдер.
3. Үстеу мағынасындағы фразеологизмдер.
4. Заттық мағыналы фразеологизмдер.

Етістік мағыналы фразеологизмдер: *Көзінің еті өсті* – көкірек керді, менменсіді; *қолды болды* – ұрланды, жоғалды; *басына іс түсті* – істі болды, шатылды; *екі аяғын бір етікке тықты* – тықсырды, қуырды; *көз жаздырды* – адастырды, айырылып қалды; *пысқырып та қарамады*-менсінбеді, көзіне ілмеді; *насырға шапты*- асқынды, қырсықты, т.б.

Сындық мағыналы фразеологизмдер: *аспанмен тілдескен-биік, ұзын; қара қылды қақ жарған-әділ, турашыл; қазанағы қарқ, сағанағы сарқ-мәресәре, мәз-мейрам; қаламы жүйрік- жазғыш, қаламы төселген; ит тұмсығы өтпейтін- қалың, бітік, ну; аузын бұған өгіздей- үндемейтін, мылқау; кеспеге қарасы жоқ- семіз, майлы; тас бауыр- мейірімсіз, т.б.*

Заттық мағыналы фразеологизмдер: *Кіндік кесіп кір жуған- туған ел, Отан; бір ауыздылық- ынтымақ, бірлік; қара көлеңке- апақ-сапақ, бейуақыт; о дүние- ақырет, махшар; от басы- үй іші, ошақ басы,семья; ұзын құлақ- өсек, сыбыс; шикі өкпе- перзент, бала; шынжыр балақ, шұбар төс- бай, манап, шонжар, т.б.*

Үстеу мағынасындағы фразеологизмдер: *Сақадай сай- дайын, әзір; атқан оқтай- түп-түзу, тура; көз ұшында- алыста, қашықта; о баста- басында, алғашқыда; тиіп қапты-үстіртін, соқпа-соқпада; бір төбе- ерекше, айрықша; көз алдында- бетпе-бет, жүзбе-жүз; аяқ астынан- кенеттен, жоқ жерде, т.б.*

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі- етістік фразеологизмдер. Онан кейінгілері- сындық және заттық мағынадағы фразеологизмдер. Ең аз кездесетін үстеу мағынадағы фразеологизмдер болып табылады.

1.4. Тұрақты сөз тіркестерінің стилдік қолданылуы

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестерін сол дайын күйінде пайдаланып сөйлеуші зат не құбылыс туралы өзінің көзқарасын және оны қалай бағалайтынын білдіреді. Экспрессивті тұрақты сөз тіркесі сезімге айрықша әсер етеді. Мысалы, үріп ауызға салғандай, жүрек жұтқан деп жағымды образ туралы айтылса, қоян жүрек, тас бауыр, жұмыртқадан жүн қырыққан дегендер жағымсыз образдар жайында айтылады. Бұл мысалдардағы экспрессивті тұрақты сөз тіркестері адамның бойында болатын жағымды және жағымсыз қылықтарды әсерлі бейнелейді.

Эмоциональды-экспрессивті сөздердің тіркесін мына төмендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады. Бірінші топқа үріп ауызға салғандай,

іші-бауыры елжіреген, емешесі құрыған, жүрек жұтқан, қоян жүрек, тас бауыр, қу табан, сор маңдай, жұмыртқадан жүн қырыққан, қу бастан қуырдақтық ет алған, ит екеш иттен де бір сүйек қарыздар сияқты жағымды және жағымсыз образды сипаттайтын эмоциональды-экспрессивті тұрақты тіркестерін жатқызуға болады.

Екінші топқа әр түрлі көңіл-күйін білдіретін тұрақты сөз тіркестері жатады. Бұл топқа жақсы көру, еркелетумен байланысты қолданылатын тіркестер: көзімнің қарашығы, жан қалқам т.б. жатқызуға болады.

Тұрақты сөз тіркестерінің ішінде сөйлеу тілі ыңғайында көбірек пайдаланылатындары – идиомалар. Ал мақал-мәтелдердің қолдану аясы идиомдарға қарағанда кеңірек, өйткені мақал-мәтелдер бейтарап қолдануға бейім келеді. Сонымен қатар фразеологизмдердің ішінде кітаби-жазба стильдерде жұмсалып танылғандары аз емес. Оларға жазба тіл негізінде қалыптасқан, кітаби сипаттағы сөз тіркестерін жатқызуға болады: Бостандық аралы – Куба, әлкен химия, қосымша күн, дала падишасы, үндестік заңы, сұрақ белгісі т.б.

Міне, тіліміздегі әр алуан фразеологизмдерді біртекті, бірыңғай қолдануға болмайды. Сондықтан фразеологизмдерді экспрессивтік-стильдік бояуына қарай бөліп топтастыру ыңғайлы.

Қазіргі қазақ тілі фразеологиясы осындай белгісіне қарай мынандай үш топқа бөлінеді: бейтарап қолданылатын фразеологизмдер, сөйлеу тілі фразеологизмдер, кітаби фразеологизмдер.

Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер

Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер. Бейтарап сөзі жалпылама деген мағынаны білдіреді. Бейтарап фразеологизмдер дегеніміз – сөйлеу стилінде болсын, кітаби-жазба стильдерінде болсын жалпылама қолданылатын тұрақты сөз тіркестері. Өйткені, бұл топтағы сөз тіркестерінің, стильдік сипаты болмайды. Сондай-ақ бейтарап қолданылатын фразеологизмдердің эмоциональды-экспрессивті бояуы да болмайды, зат пен құбылысты атап қана

қояды. Мысалы, ит арба, ит аяқ, ит көйлек сияқты сөз тіркестерін алатын болсақ, бұлар тек заттын аты болғандықтан, олардың экспрессивтік бояуы да, бейнелегіштік қасиеті де жоқ.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, бейтарап фразеологизмдер тобына тұрақты ұғым болып қалыптасқан жер-су аттары және кейбір терминдік сипаттағы сөз тіркестері енеді. (өара теңіз, Ақ теңіз, көз әйнек, ауыр өндіріс).

Сөйлеу тілінің фразеологиясы

Фразеологизмдер ең алғаш сөйлеу тілінде де жазба тілінде қолданылып жалпыға танылады. Өазақ тілінің фразеологизмдерінің дені жазба тіл дамымай тұрып, сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан.

Бұл топқа қазақ тіліндегі идиом, мақал-мәтелдер және нақыл сөздер жатады. Сөйлеу тілінде жұмсалатын тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қарапайым, тұрпайы сөздер және кәсіби фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Кәсіби сипаттағы фразеологияға шопанның әке таяғын ұстауы, студенттердің құлап қалуы, оқытушылардың ашық сабақ сияқты тіркестерді атауға болады. Ескі қоғамға тән фразеологияға жаугершілік, барымта, саудагерлік, пайдакүнемдікпен байланысты туған тіркестер жатады: барымтаға қарымта, сауда сақал сипағанша, саудада достық жоқ, есепсіз дїние жоқ т.б. қарапайым, тұрпайы фразеологизмдердің қолданылу аясы тар: соқырға таяқ ұстатқандай, ит жоқта шошқа үреді т.б.

Сөйлеу тілінің фразеологиясы басқа стильдерге қарағанда варианттар мен синонимдерге өте бай келетіні байқалады. Сөйлеу тіліндегі фразеологиялық синонимдер образдылығы және экспрессивті бояуы жағынан сан қырлы, құбылмалы келеді, Бұл құбылыс тілінде айрықша бір эмоционалды рең береді.

Кітаби сипаттағы фразеологизмдер

Қай стиль болмасын өзінің ерекшелігі болады. Ол ерекшелік стильдерді бір-бірімен салыстыруда байқалады. Сөйлеу тілінің фразеологиясы күнделікті тұрмыста ауызекі сөйлеуде қолданылып, оның экспрессивті стильдік бояуы еркелету, әзіл-сықақ, тұрпайы, қарапайымдылық мәнде болса, кітаби тіл

фразеологизмдегі кітаби тілге тән. Көркем шығармада поэтикалық сипат, публицистикалық шығармада салтанаттылық басым болса, ғылыми шығармалар логикалық дәлдікті тілейді т.б.

Ал жазба тіл фразеологиясы поэтикалық, публицистикалық және терминдік сипатта болып келеді. Бұл топтағы фразеологизмдерге жазба тілінің негізінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері түгел енеді.

Жазба тілдің негізінде қалыптасқан фразеологизмдер құрамы жағынан әр алуан. Бұл топта қанатты сөзге айналып кеткен саяси қайраткерлер мен жазушылардың әр алуан әр кезде айтқан сөздері мен күрделі терминдер, саяси ұрандар бар. Қанатты сөздерге жататын тіркестер: «Аз да болсын, жақсы болсын, қуып жету және басып озу». «Өлі жандар», «Дворян ұясы», «Құндақтағы адам» т.б.

Жазба тілдің негізінде қалыптасқан фразеологизмдердің бір түрі – терминдер. Терминдерге ұқсас болатын жерлері бар. Алдымен кӀрделі терминдер сөз тіркесі күӀйінде жұмсалып, зат және құбылыстың атын білдіреді. Заттың, құбылыстың аты – тұрақты категория. Солай болғандықтан күрделі терминдер де тұрақты сөз тіркестері ретінде қолданылады. Кейбір күрделі терминдер бейнелі сөз тіркестерінің үлгісінде келеді. (Су қараңғы, соқыр ішек, асқазан, көз әйнек, сегіз көз, ақ олимпиада, Жетіқарақшы, көгілдір отын т.б.)

Күрделі терминдегі бұл белгілер оны тұрақты сөз тіркестері ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Күрделі терминдер заттың не құбылыстың аты болғандықтан өмірдің әр түрлі салаларын қамтиды. (ғылым, техника, спорт, шаруашылық т.б.)

Көнерген тұрақты сөз тіркестері

Тілімізде тек қана көнерген сөздер ғана емес, сонымен қатар көнерген сөз тіркестері де бар. Фразеологизмдердің құрамында архаизмдер де, историзмдер де кездеседі. Сондықтан оларды фразеологиялық архаизмдер мен фразеологиялық историзмдер деп екі түрлі атау орынды сияқты.

Фразеологиялық архаизмдерге тілдің даму процесінде жалпылама қолданудан шығып қалған кейбір тұрақты сөз тіркестері жатады. Бұл топтағы фразеологизмдер көбінесе діни ұғым мен салт, әдет-ғұрыппен байланысты сөз тіркестерін қамтиды.

Діни ұғыммен байланысты келетін сөз тіркестеріне бесін намаз, сегіз жұмбақ, жеті тамұқ, қыл көпір, ақыр заман, топан су, құрбан айт, құрбан шалу, құрмалдық айту, көк қошқарың болайын, жерге түскен жеті әліп, ғайып ерен қырық шілтен, әулиеге ат айтып, қорасанға қой айдатып т.б. жатады. Салт, әдет-ғұрыппен байланысты сөз тіркестеріне жататындар: қырық жеті, отыз жеті, ұрын бару, ірге көру, отқа май құю, шашу шашу, қол ұстатар, бет ашар, шаш сипатар, бауыздау құда, өлі-тірісін беру, қос қатын алу, тоқал алу, төсек жаңғырту, сүйек жаңғырту.

Фразеологиялық историзмдерге тарихи бір кезеңде зат не құбылыс туралы ұғымды білдіріп, қазір онша көп қолданылмайтын тұрақты сөз тіркестерін жатқызуға болады.

Историзмдерге жататын тұрақты сөз тіркестері: бай баласы, жарлы баласы, ата баласы, қара шаруа, қара шекпен, бас байлылық, кедей теңдігі, әйел теңдігі, өз ара салық, тап жауы, халық жауы, кедейлер комитеті т.б.

Фразеологизмдерді қолданудың екі түрлі тәсілі бар:

1. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы.
2. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы.

Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы

Фразеологизмдерді жалпы халықтық формада қолдану – жалпыға танылған белгілі тәсіл. Мұнда айтылып не жазылып жеткізілетін ойға көркемдік сипат беру мақсаты көзделеді.

Автор тілінде: «Қарагөз 32-ақ жаста. **Қаралы жаулық** салынып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды... Одан бұрын Қарагөз **тіршілік базарында** еркін жүзіп жүрген еркемін дейтін» немесе «Бұл өзі жеті атасынан уызы

арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басканы сүймеген, бірді-бірге атастырып, елді қан жылатумен **шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз** атанған бір жауыз еді».

Бұл келтірілген мысалдарда қаралы жаулық, тіршілік базары, жеті ата, уызы арылмаған, бағы таймаған, шынжыр балақ, шұбар төс сияқты фразеологизмдер қолданылған. Оларда жалпыхалықтық форма сақталып, автор тілі мен кейіпкер тілінде бейнелегіш мәнерлі құрал ретінде пайдаланылған.

Орыс тілі арқылы енген фразеологизмдердің қолданылуы

Фразеологизмдер – тарихи категория: бұл оған дәуірлік сипат береді. Тұрақты сөз тіркестері жеке сөздер сияқты тілдік единица ретінде жұмсалады да үнемі дамуда болады. Бірақ бұл құбылыс лексикаға қарағанда, фразеологизмдерде өте көп, баяу сезіледі. Оны әр кезде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінен айқын көреміз.

Фразеологизмдернің дамуының екі түрі бар: Бірінші, тұрақты сөз тіркестері, ең алдымен, сол тілдің иесі болып табылатын халықтың ұлттық еркшелігіне қарай жасалып, қалыптасады. Бұл әр тілдің өзінің ішкі даму процесімен байланысты болады. Екіншісі тұрақты сөз тіркестері дамуының процесі. Халықтар арасындағы қарым-қатынас бір тілден екінші бір тілге фразеологизмдердің ауысып отырыуынан мүмкіндік туғызады. Фразеологизмдер бір тілден екінші бір тілге сөйлеу тілі және жазба нұсқалар арқылы ауысады. Мәселен: көк базар, көк бояу, өмір сабағы, әрбір істің басталуы қиын, ештен кеш жақсы, жылтырағанның бәрі алтын емес, бейбітшілік көгершіні т.б. тіркестер біздің тілімізде орыс тілінің ықпалымен қалыптасып, фразеологиялық қорымызды байыта түсуде.

Сондай-ақ, келдім, көрдім, жеңдім (Юлий Цезарь). Уақыт біздің пайдамызға қызмет етеді (Гладсон). Бәрі де атады: бәрі де өзгереді. Стиль – ол адам (Баффон). т.б. сияқты әр түрлі халықтық афорзмдері де бізге орыс тілі арқылы енгені белгілі.

II тарау. Тұрақты сөз тіркестерін оқушыларға меңгертудің тиімді әдістері

2.1. Тұрақты сөз тіркестерін интерактив әдістер негізінде оқыту мәселелері

Әрбір мұғалім сабақ беруде дидактикалық ойын түрлерінен, ақпарат технологияларынан, интерактивті әдістерден пайдалануы аса қажет. Мұндай әдіс-тәсілдер кәсіптік шеберлікті шындай түсуі өз-өзінен белгілі.

Қазіргі таңда ақпараттандыру үдерісі адамзат өркениетінің дамуының жаппай және қайталанбайтын кезеңі ретінде қарастырылып отыр. Білімді ақпараттандыру, әсіресе оның алғашқы баспалдағы мектепте енгізу – қоғамда ақпараттандырудың негізгі шарты.

Оқыту барысында жаңа педагогикалық технологиядан пайдалану мәселелері – қазіргі заманның басты талабы.

Жаңа технологиялардың өріс алуына орай оқыту үрдісінің “интерактивті әдістер” , “интерактивті оқыту” деген терминдермен жиі кездесеміз. Интерактивті әдістер мұғалімнің оқытуды қандай шеберлікпен ұйымдастырғанынан көрінеді. “Интерактивті әдістер” және “интерактивті оқыту” терминдерінің ортақ түбірі – *интер* ағылшын тілінің “ *inter* ” (между, меж.) аралық; “ *act* ” (действовать, действие) әрект ету деген сөздерінен енген. “Интерактивті әдістер” тіркесін оқушылардың өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер, ал “интерактивті оқыту” өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқу деп түсінуге болады. Интерактивті әдістердің мәні - әрбір оқушылармен өзара белсенді байланыста болып, мұғаліммен бірлесіп отырып, компьютермен жұмыс жасап оқу-танымдық нәтижеге жетуі.

Бұл әдістер оқыту барысында тәрбиеленушілердің тұлға ретінде қалыптасуға бірден-бір әсер етеді. Мұғалім мен оқушылар бірлесіп оқи отырып, субъект – субъект ретінде болады. Мұғалімнің ролі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы, топ басшы, оқушылардың ынта ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген.

Сондықтан да олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Яғни, педагогикалық үрдісті демократизациялауға жол ашады. Оқыту нәтижесі оқушылардың бір-бірімен байланыс бірлігінен көрініп, оқушылар оқу нәтижесінде бір-бірінің жауаптылығын сезінеді. Осылайша әр сабақта демократиялық принцип шын мәнінде орын алады.

Сабақта интерактивті әдістерді пайдалануда мынадай шарттар орын алулары тиіс:

Мақсатты нақты белгілеу. Мұғалім оқушылардың топпен жасалатын жұмыстарының мәнін, ережесін түсініп, топпен жұмыс жасауға дайын екендіктеріне толық сенімді болуы қажет;

Мұғалім оқытуды ұжымның өздеріне тән ерекшеліктерімен есептесіп, олардың бірлесіп жұмыс жасауға дайындық деңгейіне сай ұйымдастыру қажет.

Мұғалім бұл әдістің мақсаты мен міндеттерінің маңызды көңіл аударарлық ролін естен шығармай, әдісті қандай мақсатта таңдағанын көз алдына анық елестете білуі керек;

Мұғалім пайдаланатын әдістердің нәтижесін болжай отырып, біртіндеп кезең-кезең бойынша қолданылуын алдын ала көре білуге тиіс.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді естен шығармауы абзал:

Бірінші ереже: Жұмысқа сынып мүшелерін түгел қатыстыру. Өйткені бұл әдістің негізгі мәні де оқушыларды түгел танымға жұмылдыру.

Екінші ереже: Оқушылардың осы әдіспен жұмыс жасауын психологиялық жағынан дайындау. Қатысушылар өздерін сезіну үшін түрлі жаттығулар жасатып, сабақтағы қандай да болсын жетістіктерін жиі мадақтап, қолпаштап отырғаны дұрыс.

Үшінші ереже: Оқушылардың саны көп болмай, жоғары сыныпта

отыз адамнан аспағаны жөн. Өйткені әрбір қатысушы өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалу қажет.

Төртінші ереже: Жұмыс жасайтын (сабақ өтетін бөлменің) орынның талапқа сай болуы. Яғни, оқушылар, топ, жұп құру үшін орындарын ауыстырғанда еркін жүріп тұруға жағдай жасалуы қарастырылады. Қатысушылар бір-бірін таңдау, тақта, компьютер, ыңғайлы қозғала алатындай жағдайды алдын ала қарастыру.

Бесінші ереже: Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау. Алғашқы кезеңде қатысушылардың өз еріктерінше бөлінуге жол беру.

Оқушыларды дамытудың маңызды факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге адамның маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой қыметтерінің тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін бүкіл оқу үрдісін джолға қою, мұғалім қолданатын оқыту әдістері мен құралдарының жүйесі болып табылады.

Мұғалімдер өз оқушыларының сан алуан мотивтерін мұқият зерттейді және үздік білім алуға, өз-өзін тәрбиелеуге деген тұрақты мотивтерді қалыптастыруға жетелейді. Интерактивті әдістер оқу мотивтерінің ішінде танымдық ынталарды тәрбиелеуде маңызды орын алады. Танымдық белсенділік оқудың жеңілірек, еркінірек, ыждазғатпен зор нәтижелі болып өтетінін көрсетеді. Танымдық ынта қажеттікке ауысады. Танымдық қажеттіктің қалыптасуы жоғары ұйымдастырылған оқыту барысында, яғни, интерактивті оқыту арқылы мүмкін болады.

Оқытушылар кез келген ғылымның басты идеяларын түбегейлі игеру, идеяларды түсіну үшін фактілердің қажетті жиынтығы болудың, сондай-ақ нақтылы ғылымның қандай да болсын мәселелері бойынша жаңа фактілерді, тұжырымдарды, ой қорытындыларын тауып алудың әдіс-тәсілдерін, олардың ортақ әрекеттерін бірте-бірте игереді.

Кейде жас мұғалімдер мен студенттер арасында “Интер активтік әдістер тек қана ашық сабақтарда” пайдаланады ма?, - деген сұрақтар туады. Сондай-ақ, “Мысалы: семинар-сабақ, конференция-сабақ, конкурс-

сабақтары, “Не? Қашан? Қайда?” , “Ғажайып алаң”, “Тапқыштар мен ақылдылар” т.б. Ал мұндай сабақтар жиі өткізілмейді ғой, өйткені олар көп дайындықты талап етеді. Сондықтан сабақты күнде осылай ұйымдастыту мүмкін бе?” – деген сұрақтар қояды.

Бұндай пікірлерге пед.ғыл.канд. Н. Албытова былай жауап береді: семинар, конференция, түрлі конкурстар интерактивті оқыту әдістері емес, себебі, бұл жерде оқушылардың бірлесіп әрекет етуі арқылы танымға жетулері жоқ. Оқушылар тек меңгерген таным-білімдерін ғана көрсетеді. Мұндай сабақтарды дәстүрлі сабақтар деп айтып жүр. Сабақты осылайша жылына бір-екі рет ұйымдастыруға болады. Мұны сабақ емес, көбіне көп оқушылардың өз эрудициясы мен талантын жарқырататып көрсететін мейрам деп қарастырған абзал¹ *Интерактивті әдістерді мектеп тәжірибесіне енгізуді неден бастау керек?* - деген сұрақ мұғалімдерді ойландырады. Бұл әдіспен оқыту сыныптағы жағдайдың өзгеруін талап етері сөзсіз сондықтан оқушылар да, осы әдіспен жұмыс жасайтын мұғалім де белгілі бір уақыт дайындықтан өтулері қажет. Біздің пікірімізше, мұғалім алдын ала біртіндеп интерактивті әдістерге құрылған сабақтар тізімін жасап алғаны дұрыс. Ал , сыныпты адамгершілікті қарым-қатынаста жұмыс жасауға бағыттау үшін қарапайым интерактивті әдістер-жүппен жұмыс, шағын топпен жұмыс тағы басқаларыын ұйымдастырудан басталғаны абзал.

Интерактивті әдіс сыныптағы тыныштықты бұзады, ол тәртіпсіздікке алып барады деген пікір айтады. Интерактивтік әдістің дәстүрлі әдістерден артықшылығы оқушіны қозғалысқа түсіру, енжар тыңдаушы емес, белсенді, өз бетімен білім іздеуші, табиғат, қоғам заңдарын “өз бетімен ашушы” рөлін енгізу. Осындай тұрғыда тыныштықты бұзу қажет, бұл қозғалыс, талдауға қатысуы, пікірін дәлелдей білуі, өзге көзқарас, пікірлермен санаса білу тәрт”пс”зд”кт”

¹ Медешова А. Оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайда меңгеру // Бастауыш мектеп. № 66 2005, 4 – бет .

емес, ойлай білетін, білімді, мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу құралы. Сол себепті интерактивті әдіспен сабақ жүргізуші мұғалім, сабаққа қатысушы педагогтар, ата-аналар т.б. сабақтағы қозғалыс, дыбысының мән-мазмұнына тереңірек қарау керекдеген пікірдеміз.

Қазіргі кезең диалектикасы интерактивті оқыту формасы мен әдістерінің дәстүрлі оқытуда мынадай негізгі айырмашылықтарын атап көрсетеді:

оқушылардың танымдық қызметін міндетті түрде белсенді ету;
сабақта оқушының белсенділігін мүмкіндігінше ұзақ уақытқа көтеру;
оқушының проблемаларды шешу барысында (өз бетімен және топпен) жоғары деңгейде күш-жігер салуы;

белсенді қызмет ету үшін эмоционалдық-еріктік жағдай таныту;
оқытушы мен оқушылар арасындағы қарым-қатынаста үздіксіз тура және кері байланыстың болуы,

мұғалім қызметінің мененджер, оқу үрдісін ұйымдастырушы, кеңешші рөліне ауысуы.

Педагогика мен білім беру тарихында оқу барысында оқушыларды белсенді етудің сан-алуан әдістері мен формалары ойластырылады. Олардың кейбіреулеріне қазіргі уақытта ерекше мән берілуде (жобалау әдісі) , ал кейбіреулеріне дәстүрлі оқыту қатарында болғанымен (эвристикалық әңгіме, зертханалық жұмыс т. б.), оларға деген қарым-қатынас өзгеріп отыр: мәселен жиырмамыншы ғасыр соңында өріс алған оқытудың ұжымдық түрі, проблемалық оқыту, авторлық мектеп т.б.

Жалпы интерактивті оқыту теориялық та, практикалық та тұрғыда зерттеуді қажет ететін дидактика міндеттерінің бірінен саналады. Ал интерактивті оқыту формаларын, әдістерін пайдалану мұғалім мен оқушымен қарым-қатынас жағдайын аса шеберлік, юілімділік, демократиялық бағытта уақыт талабына сай таңдауды қалайды. Педагогикалық үрдісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивті оқытуды пайдалану мұғалімдерді шеберлік жағынан шыңдайтығындығы дау тудырмайды.

2.2. Фразеологиялық варианттарда оқытуда жаңаша сабақ өту әдістері

Фразеологизмнің мағына бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, құрылым-құрылысы жағынан ұқсас келген түрлері фразеологиялық варианттар деп аталады. Фразеологиялық варианттар екі түрлі болады.

а) фонетикалық вариант,

ә) лексикалық вариант.

Фонетикалық вариантқа тұрақты сөз тіркесінің құрамын енген кейбір сөздердің бірде жуан, бірде жіңішке, кейде толық, кейде қысқартылып айтылуы жатады. Мәселен, ай дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ дегенді әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ деп та айта береді. Мұндағы ай мен әй, ажа мен әже бір-біріне фонетикалық вариант болып есептеледі.

Бұлардың екі түрлі болып өзгеріп отыруынан тұрақты тіркестің мағына бірлігіне тигізер ешбір зиян жоқ. Сол сияқты адыра (адырам) қал, әдіре (әдірем) қал деп те айтыла береді. Мұнда бірде жуан, бірде жіңішке, кейде толық (адырам-әдірем), кейде ықшамдалып, қысқарып (адыра-әдіре) айтылып тұрғанымен, тұрақты тіркестің мағынасын өзгеруге ешқандай себеп бола алмайды.

Лексикалық варианттар фразеологизмдердің арасынан өте жиі ұшырасады. Мысалы: ағама жеңгем сай – апама жездем сай; аға өлсе, іні мұра – аға өлсе, жеңге мұра; адыра қалды – қараң қалды, ажар білдірді – қабак білдірді; аузы алты қарыс – аузы кере қарыс; ай дала- жапан дала; ай десе аузы бар, күн десе көзі бар – ай десе аузы жоқ, күн десе көзі жоқ; айтып – айтпай немене – айтып-айтпай не керек. Кей жағдайда фразеологизмнің құрамындағы әрбір сөзден әр түрлі варианттар өрбиді. Мысалы: көңілге қуат (медет, медеу) қылды (құтты етті); көңілден кір (дақ, дық, кірбің, қаяу, қылау) арылды (ашылды, кетті); көңіл ауды (бөлінді, кетті, құлады); көңіл көншіді (жайланды, тынды, орнықты, демдеді).

Лексикалық варианттардың бір-бірінен счәл болса да ерекшелігі байқалады. Сондықтан бұларды фразеологизмдердің синонимдік тәсілімен түрленуі деп те атауға болады. Варианттарда (фонетикалық, лексикалық) қалайда ең кемі бір сыңары ортақтаса қолданылса, синонимдес фразеологизмдерде ешбір компонент қайталанбайды.

Айталық фразеологиялық варианттар тақырыбына байланысты сабақ түрі.

1. Деңгейлік тапсырма.

I деңгейге: Фразеологиялық варианттардың екі түріне үш-үштен сөйлем құрау.

1. Фонетикалық вариант.

Үлгі: Мысалы: 1.Көптен бері күткен ісінен жаңалық хабар күтіп отырғанда, жағдайдың қандай екендігін ести сала оның **үнжырғасы** түсіп кетті.

2. Осындай аумалы сағаттарда қаланың халі қыл үстінде тұрғандай еді. Жаман ойлы бұзық адамдар иесіз қалаға тиіп неше түрлі талан-тараждар істесе, **әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ еді** (Фразеологиялық сөздік 17-бет)

2. Лексикалық варианттар.

1. Бір рет ат құйрығын кесісіп кеткен кісімен қайта кездесудің қиындығын ойлаған сайын екі беті өртеніп бара жатты.

2.Екеуін да бай-жуанға жығып берген, бетіне дақ салған жақындарына үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйлейді. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатаны түрі жоқ.

II деңгейге. Фразеологиялық варианттарды төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құраң. Аяқ астынан –табан астынан, ат үстінен ұйқы алған – ат үстінде ұйықтады.

1. Бұрын мыңқ етпейтін салмақты жанның енді бір ауыз сөзді көтере алмай, аяқ астынан тулағанына Әліби іштей таң қалып отыр.Қос күрең арындап


жөнелгенде, қосағындағы арық торының ашамай сүйектері арбаңдап, табан астынан шоқытығып кетті.

2. Аттанып барып жылқы алған,


Ат үстінен ұйқы алған – деп барымташыны мақтап, бұзылғана кез Шыңғыстан соң болса керек.


Сол Керей –Уағың ат үстінде ұйықтайтын болғалы үш жылға айналды.

Фонетикалық варианттар



Лексикалық варианттар





Тілдерінен бал тамған
 Жорға жүйрік май тамған.
 Шешен де өтті дүниеден (Жамбыл)
 Құдай деген момынның
 Аузынан кетпес тобасы
 Иманы бардың белгілі
 Тілінен тamar шырасы (Ш.Қанайұлы)

III деңгейге. Фразеологизмдерді қатыстырып мәтін құрау, ат қою. Мысалы фразеологизмдерді қатыстырып «Менің досым», «Көктемгі шақ», «Балауса жаз», «Арман құшағында», «Жастық шақ» т.б. қалаған тақырыбына шығарма жазу тапсырса болады.

2.3. Фразеологиялық синонимдерді оқытуда ойын түрлерін пайдаланудың тиімділігі

Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылыс тіл білімінде фразеологиялық синонимдерге де соншалықты бай.

Бірақ, олар өздерінің стильдік, мағыналық ерекшеліктерін сақатп отырады. Мәселен, аза бойы қаза болды, аза бойы тік тұрды, азар да безер болды, ат тонын ала қашты дегенде мән-мағынасы жағынан бір-біріне жақын келгенімен, іштей өзіндік сәл ерекшеліктері бар. Сол сияқты алғаны ас болмады, алғаны көзінен шықты, жегені желім болды, жегені желкесінен шықты, ішкен-жегені мұрнынан шықты дегендер де белгілі бір ұғымды сегіз саққа жүгіртіп, жан-жақты сипаттап тұрғанымен, стильдік мәні жағынан бірдей деуге келмейді.

Фразеологиялық синонимдер де ұғымы жағынан бірінен-бірі сатылып өсіп, күшейе түсіп отырады. Мәселен, *көз (кірпік) ілмеді, көз шырымын алмады, түн баласына кірпік қақпады, түн ұйқысын төрт бөлді, көрер таңды көзімен атырды* дегенде әрбір фразеологиялық синонимнің алдыңғысынан соңғылары қарқындай береді. Біреуден біреудің артықшылығын айтықымыз келсе: *пар келмейді, тең емес, ширегіне келмейді, бақайынан келмейді* дейміз.

Біреудің бір нәрсеге қалай құмартқандығын айтқымыз келсе: айызы қанды, аузынан суы ақты, аузынан сілекейі шұбырды, аузынан суы құрыды, көзін жұмысп, аузын ашып қапты дейміз. Ал біреудің қалай қорыққандығын

айтқанда: *жүрегі (зәресі, үрейі) ұшты, құты қапты, иманы кетті, көзі шарасынан шықты, көзі алақандай болды, иманы қасым болды, зәресі зәр түбіне кетті* дегендер қолданылды. Мұның барлығы етістікті фразеологиялық синонимдердің соншалықты байлығын көрсетеді.

Фразеологиялық синонимдер сындық және үстеулік мағынада да кездеседі. Мәселен, біреудің асқан сұлулығын бейнелеп айтқымыз келсе: *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, туған айдай, үріп ауызға салғандай, ай қабақ, қыздың баласындай, ай мен күндей* дейміз.

Біреудің әкесіне ұқсастығын айтқанда: *әкесінен айнымайды, айна қатесі жоқ, әкесінің аузынан түскендей, әкесінің терісін сойып қаптап қойғандай* дегендер қолданылады.

Біреудің байлығын сөз қылғанда: *төрт түлігі сай, төрт құбыласы түгел, не ішем, не жеймін демейді, ішкені алдында, ішпегені артында, шайқап төгіп отыр* дейміз. Ал біреудің бейғамдығын, жайбарақаттығын бейнелесек: қаннен қаперсіз, үш ұйықтаса ойда жоқ, үш ұйықтаса түсіне енбеген дегендер қолданылады.

Қатты ауырып жатқан адамды көргенде: *әл үстінде, өлім халінде, өлім аузында, өлі мен тірінің арасында, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде* дегендер жұмсалады. Осылардың бәрі біздің ана тіліміздің шексіз байлығын танытады. Бұл тілдің соншалықты орамдылығы мен икемділігін көрсетеді.

Фразеологиялық синонимдер тәрізді тілдегі мақал-мәтелдер де бір-біріне синоним болып жұмсалады. Бір ойды білдіру үшін мағыналас, мәндес бірнеше мақал-мәтелдер қолданылады. Мысалы: *біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы, мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек* т.б.

Көптеген мақал-мәтелдер құрылым-құрылысы жағынан бір үлгімен жасалып, бір-біріне әрдайым синоним болып жұмсала береді. Мысалы, *ат тұяғын тай басады – нар ізін нарша басады; тай тулап үйірінен кетпес – түйе*

кашып жүктен құтылмас; қойшы көп болса, қой арам өледі, біреу қалың беріп катын алады, біреу қисайып жатып қол салады т.б.

Фразеологиялық синонимдер бір-бірінен семантикалық реңіне, стильдік бояуы мен қолданылу аясына қарай ерекшеленеді.

Мыс: Тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай – ашық, айқын ұғымын білдіреді. Кейбір фразеологиялық синонимдер бірыңғай болып келеді: беті қайту, сағы сыну, тауы шағылу, жүрегі шайылу т.б.

Сөйтіп, фразеологиялық синоним дегеніміз - әр түрлі образға құрылған, бірақ мағынасы бір-біріне жақын, тұрақты сөз тіркестері. Жеке сөздерге тән эмоциональдық-экспрессивті бояу тұрақты сөз тіркестерінде де болады.

Қазақ тілінен сабақ өтуде кім тез тауып айтады, жылдам жауап, тізбек ойыны, әзіл аралас сабақ, дұрыс тауып белгіле, оқы ізден, ойлан тап тағы басқа ойын түрлерінен пайдаланып сабақ өтсе, бұл оқушылардың есінде ұзақ сақталады. Ойлау, жүйелеу қабілеті артады. Оқушы үшін тиімділігі жаттанды ережеден, мысалдан аулақ болады.

Ұлттық ойын түрлерін пайдалана отырып сабақ өту оқушылардың бір жағынан сабаққа қызығушылығын арттырса, екінші жағынан олардың ұлттық салт-дәстүрлерін тереңірек үйренуге септігін тигізеді.

2.3. Сабақ үлгісі

Сабақтың тақырыбы: Тұрақты сөз тіркестері

Сабақтың мақсаты:

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып, қазақ тіліндегі лексика саласы бойынша тұрақты тіркестерді оқыту.

Сабақтың міндеттері:

1. Оқушыларды сыни ойлауға үйрету, талдау жасау, пікір айту, дәлелдеу, бағалау арқылы тұрақты сөз тіркестерін нәтижелі оқытуға қол жеткізу.
2. Сыни ойлау технологияларына сәйкес түрлі шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы оқушылардың логикалық ойлауын , яғни

тұрақты тіркесті тани білуге үйрету.

3. Оларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, өз бетімен ойлауға, шешім шығаруға тәрбиелеу.

Күтілген нәтиже:

- Оқушы «Тұрақты сөз тіркестері» ұғымын сыни тұрғысынан талдай біледі;
- Тақырып бойынша өз сұрақтарын қойып, оған жауап таба алады;
- Оқушы алған білімдеріне болжам жасай алады;
- Өз ойын, өз пікірін жаза алады.

Сабақтың көрнекілігі:

кестелер, схемалар, ойын үшін керекті заттар, суреттер т.б.

Сабақты өту дәстүрі:

сұрақ-жауап, тест түрінде ойындар.

Сабақтың барасы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. (5 минут)

1. Психологиялық дайындық

- а) шаттық шеңбері
- ә) топқа бөлу

Қима қағаздарға сөздерді жазып, сол сөздер арқылы өз орындарын тауып отырады.

I топ. Омонимдер (жүз, арық, түс, қол)

II топ. Антонимдер (ақ-қара, аласа-биік, жоғары-төмен)

III топ. Омонимдер (әдемі, сұлу, әсем,)

IV топ. Сөз тіркестері (ерке қыз, ит-құс, ер жігіт)

- б) топ басшысын саулау

II. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша (5 минут)

1. Үй тапсырмасын тексеру. 1. Тірек сызбада берілген сөздердің эвфемизм мен дисфемизмін табыңдар.



ұры (эвфемизм) – **қолының жымысқысы бар** (дисфемизм)

дүние салды(эвфемизм) - **өлді** (дисфемизм)


өтірікші (эвфемизм)- **қосып айту** (дисфемизм)


қолды болды (эвфемизм) - **ұрланды**(дисфемизм)

сөзуар(эвфемизм) - **мылжың** (дисфемизм)

топас (дисфемизм) - **ақымақ** (эвфемизм)

III. Жаңа сабақты түсіндіру. Тұрақты сөз тіркестері





III. Жаңа сабақты бекіту тапсырмалары:

1-тапсырма. Берілген диаграммадағы сөздерге сүйене отырып, өз мәтінін құрау.




Ол бұрын жұлдызы жарасқан досын, аузы-аузына жұқпай, жерден алып жерге салып, ит терісін басына қаптап жамандап отырды.

Суреттер сөйлейді.




2-тапсырма. Топтық жұмыс


I топқа арналған тапсырма




II топқа арналған тапсырма.



III топқа арналған тапсырма



IV топқа арналған тапсырма



I топқа арналған тапсырма



II топқа тапсырма



II топқа арналған тапсырма



IV топқа арналған тапсырма



3-тапсырма. Әріптерді сөйлетейік. (Сыныпқа тапсырма)

- Т-
- Ү-
- р-
- а-
- қ-
- т-
- ы -

- т-
- і-
- р-
- к-
- е-

с -

Әріптерді сөйлетейік.

Т - тайға таңба басқандай

Ұ - ұялған тек тұрмас

р -риясыз көңіл

а - аузына қақпақ болу

қ - қабақ шыту

т -түн ұйқысын төрт бөлді

ы -ырызық дарыған

т - тас бауыр

і - іліп аларлық

р - рақымды адам

к - көзді ашып-жұмғанша

е - екі көзі төрт болу

с - салысы суға кету

4-тапсырма. Оқушылар тұрақты тіркестердің жалғасын табу.

(Сыныптық жұмыс)

1.....нің түгі бар

2.ын шүйіру

3.нен қақпау

1. ...іне көк ала шыбын үймелету

2.тай ұшты

3.ыңды балта кеспейді

1.і тоймау

2. ұйықтаса

3. Жұмған ...ын ашпау

4-тапсырма. Оқушылар тұрақты тіркестердің жалғасын табады.

(Сыныптық жұмыс)

1. Жүрегінің түгі бар
2. Мұрнын шүйіру
3. Бетінен қақпау
1. Көзіне көк ала шыбын үймелету
2. Мұрттай ұшты
3. Мұртыңды балта кеспейді
1. Көзі тоймау
2. Үш ұйықтаса
3. Жұмған аузын ашпау

IV. Сабақты қорытындылау.

Ашық және жабық тест.

- | 1.Жабық | | | | тест |
|--------------------------------------------------------|---------------|---------------|----------------|------------------|
| 1.Тұрақты | тіркес | қандай | жүйемен | айтылады? |
| <i>а)қалыптасқан жүйемен</i> | | | | |
| ә) бөлек-бөлек | | | | |
| б) бір сарнынмен | | | | |
| в) жеке-жеке | | | | |
| 2. Күн құрғатпай келу | | | | |
| А) антоним | | | | |
| ә) синоним | | | | |
| <i>б) тұрақты тіркес</i> | | | | |
| в) омоним | | | | |
| 3. Ит терісін басына қаптау | | | | |
| а) мейрімсіз | | | | |
| ә) қорқақ | | | | |
| <i>б) балағаттады</i> | | | | |
| в) көрікті | | | | |
| 4. Тұрақты сөз тіркестері неше сөзден құралады? | | | | |
| а) бір сөзден құралады | | | | |
| ә) бір сөйлемнен жасалады | | | | |

б) мағынасыз сөздерден құралады

в) екі немесе бірнеше сөздердің тіркесуінен

2. Ашық тест

Топқа тұрақты тікестер туралы мынандай сұрақтар қойылады. Топқа мағынасы қисық сұрақтар қойылады. Оқушылар оған тұрақты тіркеспен жауап береді.

• 1. Адамның төбесі аспанға жете ме?

• -----

2. Сөйлегенде сөз ауыздан түсіп қала ма? Неге ?

• -----

3. Екі аяқ бір етікке сия ма? Неліктен симайды?

• -----

4. Адамның қай жерінде нан піседі?

• -----

5. Неге қақпақ қойылады?

• -----

6. Қар жана ма? Не себепті жанады деген?

• -----

1. Аспанға төбесі жетті.

2. Аузынан сөзі түсіп қалайындап.

3. Екі аяғын бір етікке тығу

4. Кеудесіне нан пісу.

5. Аузына қақпақ қою

6. Қалауын тапса, қар жанар.

V.Бағалау

№	Бағалау критерийлері	Оқу тапсырмалары	Жалпы ұпай	Жинақталған ұпай
1	Ең төмен 1	1.Өткен тақырыптарды меңгергені		
2	Төмен 2	2.Тұрақты тіркестерді қолданып, мәтін құрауы		
3	Жақсы 3	3.Тұрақты тіркестердің мағыналарын ашуы		
4	Өте жақсы 4	4.Қатыстық тапсырмаларды орындауы		
5	Үздік 5	5.Шығармашылық тапсырмаларды орындау		

Рефлексия

- 1.Сіздің ойыңызша бүгінгі сабақ қай дәрежеде өткізілді?
2. Айтылған мәселелерді қаденізге жаратуға сенімдісіз бе?
3. Ұстазға айтар тілек, өкпе-наз.

VI. Үйге тапсырма.

- Бір бірімен синоним болатын және бір бірімен антоним болатын бірнеше тұрақты тіркестер жазып келу.
- Тұрақты тіркестерді қатыстырып мәтін құрау.

Қ о р ы т ы н д ы

Қазақ тілі тұрақты сөз тіркестеріне өте бай. Олар сөйлеу тілінде, көркем әдеби шығармаларда қолданылу өрісі мен сөйлеушінің пікірді анық және образды түрде баяндауын қамтамасыз етеді.

Тұрақты сөз тіркестері көркем шығармаларда, соның ішінде, фольклорлық шығармалардың көлемді түрі есептелген дастандарда да өзіне тән шеберлікпен қолданылады.

Біздің бітіру мамандық жұмысы тұрақты сөз тіркестерінің сөз таптарына қатынасы және мағынасы бойынша түрлерін анализдеуге, оларды оқыту әдістеріне арналып, оны орындау барысында қолданылған тұрақты сөз тіркестерінің сөз таптарына қатынасы бойынша түрлеріне назар аударылады. Орта мектепте тұрақты сөз тіркестерін оқыту жайлы айтылғандарды жинақтай келе төмендегіше қорытынды жасауға болады:

Тұрақты сөз тіркестері туралы теориялық білім мен практикалық дағды бергенде тұрақты сөз тіркестерінің мынадай өзіндік белгілерін оқушыларға таныту қажет. Фразеология лексикологияның бір саласы болып тұрақты сөз тіркесінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын, жасалу жолдарын зерттейді. Тілдегі сөз тіркестері өзінің лексикалық ерекшеліктеріне қарай екі түрге бөлінеді: Еркін тіркес, Тұрақты фразеологиялық тіркес.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып, негізінен үш топқа жіктеледі.

Оқу бағдарламасы бойынша, фразеологизмге бөлінген сағатты фразеологизмнің тармақтарына және одан ұйымдастырылған сабақ түрлеріне қарай жоспарлайды. Ол жоспарды мектептердегі алдыңғы қатарлы озат мұғалімдердің тәжірибелеріне негізделіп жасалады да, ондағы әрбір сабақты творчестволық тұрғыда өткізу қажет.

Тақырыпты түсіндіруден алдын сабақтың тақырыпқа сай мақсаты, тірек сөздер мен ұғымдары анықталып, идентивті оқу мақсаттары да белгіленеді. Бақылау тапсырмалары анықталып, оның негізгі білімді анықтау дәрежесі көрсетіледі.

Тұрақты сөз тіркестерін оқытуда алдымен дидактикалық материалдар таңдалып, соларға байланысты білім беру әдістері қолданылады. Өзіндік белгілеріне негізделе отырып анықтама беріледі. Содан соң осы тақырыпқа байланысты түрлі жаттығу жұмыстарын орындату қажет.

Тұрақты сөз тіркестерінің морфологияның сөз табымен де тікелей байланысып келетін жақтары бар. Мұғалім осыны ескеріп сөз табына қатысты болған фразеологизм сөздерді теріп беріп, олардың айырмашылығын нақтылы мысалдар арқылы түсіндіріп отыруы қажет. (Мысалы, *қолды болды, қара қылды қақ жарған, от басы, көз ұшында* т.с.с.)

Тұрақты сөз тіркестерін оқытқанда оның құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдерді бір-бірімен байланыстырылып қарастырылуы тиімді. Жаттығу жұмыстары, тест сұраулары, сөзжұмбақ, кестелер бойынша фразеологизмді оқыту, оның лексикологияның бір саласы ретіндегі ерекшелітерін қайталап еске түсіру, оның түрлерін ажыраттыру.

Мұғалім тұрақты сөз тіркестерін оқытқанда, оның тек мағынасын құрып кетпей, фразеологиялық единицалардың эмоциональдық-экспрессивтік бояуын, стилистикалық тәсілдерін мен синтаксистік байланыстарын нақтылы мысалдардан көрсетіп, оны дәл танытып оқытуға баса көңіл аударады.

Тұрақты сөз тіркестерін, оның әрқайсысының мағыналық топтары мен сөйлемдегі қызметін талдап түсіндіріп отыру фразеологизмнің лексикалық белгілерін талдай білуге жол ашады.

Мұғалім тұрақты сөз тіркестерінің мұндай белгілерін көрнекі құралмен оқушылардың өздеріне талдап айтқызу және дәлелдеттіру арқылы жүзеге асырады.

Жаңа педагогикалық технологияға негізделген сабақ оқушылардың білім дәрежесін, үлгерімін жақсартып, дағдыларын қалыптастырады.

Солай етіп біз бітіру мамандық жұмысымызда қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері, оның семантикалық өзгешеліктері, түрлері бойынша дәліллулер, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестерін түсіндіру жоллары, оларды түсіндіруде жаңа педагогикалық технологиядан пайдаланыу ұсылларын талқыладық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каримов И. Юксак маънавият енгилмас куч. Тошкент. “Маънавият”, 2009.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993
3. Бердімуратов Е. Хәзирги қарақалпақ тили (Лексикология), Нөкис, 1994.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1991 ж.
5. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, Санат, 1997 ж.
6. Галкина-Федорук Е.М. Современный русский язык. Лексика, Москва, 1998
7. Дүйсебаева Д.. Қазіргі қазақ тілі (лексикология), оқу қолданба, Ташкент, 2008.
8. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика мен фонетика). Алматы, 1995
9. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998 ж.
10. Уәлиев Н. Фразеологизм және норма. Алматы, 1998 жыл.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I тарау. Тұрақты сөз тіркестері және оның өзіндік белгілері	
1.1. Тұрақты сөз тіркестері туралы жалпы түсінік.....	7
1.2. Тұрақты сөз тіркестерінің түрлері.	12
1.3. Тұрақты сөз тіркестерінің стилистикалық қызметі	15
2.2. Тұрақты сөз тіркестерінің стилдік қолданылуы	24
II тарау. Тұрақты сөз тіркестерін оқушыларға меңгертудің тиімді әдістері	
2.1.Тұрақты сөз тіркестерінің интерактив әдістер негізінде оқыту мәселелері.....	29
2.2. Фразеологиялық варианттарды оқытуда жаңаша сабақ өту әдістері	33
2.3. Фразеологиялық синонимдерді оқытуда ойын түрлерін пайдаланудың тиімділігі.....	34
2.4. Сабақ үлгісі.....	40
Қорытынды.....	50
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	52